




23-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛЕМ МУЗЫКАСЫНЫҢ ТАРИХЫ, 1-БӨЛІМ

Ағартушылық дәуіріндегі музыка





Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Ағартушылық дәуіріндегі музыка

Дәрістің мақсаты: Шығыс Еуропаның халық музыкасын зерттеулеріндегі ән формаларының мәселесін қозғау.

Бүкіл Еуропада өңірлік музыкалық тәжірибенің ең зерттелген аспектісі ол ән болып табылады. Әнге көңіл бөлудің себебі – тәжірибелік және идеологиялық. Тәжірибелік көзқарастан әндердің мәтіндерінің жинағы тілді білгеннен бөлек аздаған арнайы дайындықты талап етеді. Идеологиялық тұрғыдан, Гердер Volkslied ұғымын енгізгеннен кейін, фольклорлық зерттеулердегі негізгі назар халық туралы маңызды ақпарат беретін тілге аударылды.

Тілдің музыкалық мән мәтіні ноталық жазумен қатар талдаудың арнайы дайындығын талап етеді. Музыкалық талдаумен айналысатын зерттеулер, жиі музыкалық құрылым және функциядан басталады. Әннің ең көп тараған формасы ол – тармақтық құрылымы. Лирика қайталанбалы әуеннен немесе әуендік\гармониялық иіріммен орындалады. Тармақтық форманың өрнектеліп қайталануы, вокалдық және аспаптық, би музыкасының құрылымдарын құрайды. Еуропалық әннің қайсысы болмасын -халықтық, бұқаралық (танымал) немесе классикалық әндер топтамасын зерттеу барысында тармақты әндердің көптеген мысалдарын кездестіруге болады. Әрине, әндердің формаларының басқа да түрлері бар, тармақты мән-мәтінде вариациялар да көп кездеседі. Мысалы, поляктік Татрларда әндер goralski – деп аталатын ер мен әйелдің жұптық биінде қолданылады. Адам әдетте АВВ поэзиялық және әуендік құрылымын қалыптастырып, әннің екінші жолын қайталап бір шумақты орындайды. Тіпті ән аяқталса да, ансамбль әуенді жұптар билеп болғанша өзгерістермен қайталап ойнай береді. Осылайша, аспаптық нұсқасы жалғаса береді. Екінші жағынан, алдыңғы кезекте бұл ән емес, бишілер ұсынған өлең, ағымдағы әлеуметтік жағдайға түсініктеме беру үшін керемет суырып салма.

Демек, осы мысалдың тұрғысынан, назарда ақындық мәтін емес, бимен байланыстының барлығы – яғни, дене қимылы, ердің әйелге деген сезімі, физикалық дағды мен музыкалық білімнің үйлесімі болады. Би мен музыканың арасындағы байланыс ақындық мәтіннің мағынасын ығыстырғаны соншалықты, кейбір бишілер мүлдем ән айтпайды.

ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫН БАСҚА МАҒЫНАДА ҰҒЫНУ

XX ғасырдың соңғы ширегінде «халықтық» терминіне байланысты кейбір ыңғайсыздықтар туындап жүр. Символдық түрде бұл халық музыкасының Халықаралық кеңесі дәстүрлі музыканың Халықаралық кеңесі болып өзгеруімен байланысты болды. Алдыңғы қатарлы халықаралық академиялық қоғамның атауының өзгеруінің көптеген себептері болды. Бұл себептердің бірі «халық музыкасы» тұжырымдамасы Еуропадан тыс жерлерде қолданысқа ие болмағандықтан, негізінен өңір ішінде және жеке елдің арасында болуы мүмкіндігі. Басқа себеп, «халық музыкасы» сөз тіркесі жиырмасыншы ғасырдың көптеген ұлттық жобаларында дау туғызды.

Бұл әсіресе коммунистік партиялар Музыка Ludova, Лидова HUDBA сынды терминдерді өздерінің саяси үстемдігінің бейнесі қылып алған Шығыс Еуропада дау тудырды. XX ғасырда саяси мақсатта халық музыкасын пайдалану жаңалық емес болатын. Бірақ, ұлттық коммунистік топтардың оны иемденіп алуы тұжырымдамада қарама-қайшылықтарды туындатты. Жалпы алғанда бұл тұжырымдама ауылдық жерлерге тәуелділікті, ауылшаруашылықпен, рәсіммен және дербестік сипатпен байланыстылығын білдірді. Әрине халық музыкасы ұғымы ұлттық бірегейлікті иемденіп тағайындау үшін құрылды. Осылайша, халықтық-музыка мәселесі ұлттық мемлекеттің бетке ұстары және тудырушы ұлттық сипатының көрсеткіші.

Халық музыкасы Шығыс Еуропада әртүрлі идеологияларға қызмет етті. Эрнест Геллнердің сөзінше ол славян халықтарында ерекше байқалады. Мысалы, соғыстан кейінгі Польшада өңірлік айырмашылықтарды көрсететін соның ішінде музыка, би, костюмдер, сәулет және ұлттық тағамдарды қосқанда өңірлік фольклордың ресми фестивальдері ынталандырылды. Бірақ, болашақ поляк мемлекеті болып жоспарланған поляктік бірегейлік, осы идеалға сәйкес келмеген топтар мен мәдени дәстүрлерге әдейі жол берілмеді.

Керісінше, Болгарияда ұлттық бірегейлікке ұмтылу күшітірек болды, және этникалық айырмашылықтар қауіп ретінде қарастырылып, еврей, сыған немесе түріктердікі деп түсіндірілген кейбір музыкалық формаларға қарсы заң қабылданды.

Шығыс Еуропаның әртүрлі өңірлерінде жиырмасыншы ғасырда музыканы зерттейтін ғылымда халық музыкасының тұжырымдамасы қандай жолмен қайта құрылып, қолданыста болды деген сұрақ туындайды. Халық музыкасы жайындағы ең түбегейлі өзгеріс сандық зерттеу тәсіліне негізге алатын іргелі жылжудан



басталды.

Бұл тәсілді ертеректе шығыс еуропалық оқымыстылар бейімдеуге тырысқандығы назар аудартады. Мысалы, Кодай мен Бартоқтың жинау мен кодификациялау жүйесіне сүйене отырып, халық музыка саласындағы румындық маман Константин Брайлой халық музыкасын зерттеуде мәдени – концептуалды тәсілге көшті. Бұл тәсіл қатаң жіктеуді талап етті. Брайлой бұл істе терең көкараспен қарағандығы соншалық ол: «музыкалық форманы терең білу жеткіліксіз, біз формалардың қоғамда қалай қызмет етіп және өзгеретінін түсінуіміз керек», деп айтқан. Осылайша қызығушылық халық музыкасынан, оның шығарылуында қолданылатын және адамдар мен қоғамның басқа да аспектілеріне әсер ететін халық әндеріндегі үдеріске ауысты. Бұл өзгеріс халық музыкасына қатысты басқа тұжырымдама жасауды талап етті.

Халық музыкасы тұжырымдамасының бұл бетбұрысы жиырмасыншы ғасырдың соңындағы көптеген зерттеулерде байқалады. Фольклористер коммунисттік кезеңде содан соң Кеңес Одағы құлдырағаннан кейін қандай мәдени өзгерістер болып жатқанына бет бұрды. Олардың фольклор жайлы жұмыстары әдетте адам санасының туындысы ретінде емес, әлеуметтік және саяси өзгерістерге жауап ретінде саяси құрылыстың бірегейлігімен байланысты музыкалық тәжірибені әлеуметтік үдеріс ретінде көруге бейім болды.

XXI ҒАСЫРДАҒЫ ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ ЖӘНЕ БІРЕГЕЙЛІК: ЕКІ ТАҚЫРЫПТЫ ЗЕРТТЕУ

Қарқынды зерттеулер мен әмбебап теорияларды үйлестіруге бағытталған жеке тұлғалар мен шағын топтардың ұмтылысы, жиырма бірінші ғасырда өз жалғасын тауып келе жатқан тағы бір үрдіс. Бұл күштің әмбебап теорияларды негіздеуге және сипаттауға арналғандығына қарамастан, немесе олармен күресу, Шығыс Еуропаның халық музыкасының тәжірибесі мен шығармашылығы арасындағы қозғалыстың тиімді құралы болып қала береді. Орталық Еуропаның Карпат тауларында болған екі тақырыптық зерттеулер бұл ойды дәлелдей түседі.

Бұл зерттеулерде поляк Татрларының және Польша, Словакия мен Украина темоктарының немесе русиндарының зерттеулері қарастырылған. Бар тұжырымдамаларды зерттей келе русин бірегейлігінің мәселесі ұқсас болғанымен, поляк тауларының тұрғындары горал этникалық мәселесі бойынша ерекшеленеді.

Горале және русиндер жайындағы тарих – бұл Шығыс Еуропаның ұлтшылдық кезеңіндегі тарих. Татрда тұратын горал тұрғындары қазір өздерін Польшаның ішіндегі этникалық топ деп санайды. Олардың басқада поляктік музыкалық дәстүрінен ерекшеленетін мәдениеті әсіресе музыкасы айрықша, бірақ Карпат тауларының музыкалық дәстүрлерімен көп ортақтығы бар.

1947 жылы Польшаның таулы тұрғындары поляк татрларының аймағын табысты түрде қазіргі заманның социалистік әлеуметтік нұсқасына алға жылжытуға дайын болған кезде русиндер төменгі Бескидадағы иемденген жерлерден қазіргі Польшаның оңтүстік-шығысына күштеп тасымалданды. Олардың халық ретінде өздерінің бірегейлігін және ата-бабаларының сенімдерімен салт-жоралғылары бар екенін ешкім мойындамады.

XXI ғасырда русин мәселесі әлі көкейкестілігін жоймады: олардың кейбіреулері өздерінің этникалық топтағы мәртебесін жоққа шығарса, ал ендібіреулері мұндай мәртебенің салдарымен келіспейді. Және керісінше, жоғары Татрдың горалилері шекара аймағындағы көп жылдық мәселелермен әлі күнге дейін күресіп келуде. Бірақ олар кем дегенде өздерін аз көлемді аумақтық этникалық топ ретінде шағымдары бар болса да сәйкестендіреді, және тіпті Польшаның ұлттық мемлекетінде ұлттық өзіндік берейгілігін сақтаған.

Екінші Дүниежүзілік соғыстың аяғында поляк ұлттық мемлекетінің қол астында болған русиндер Польшаны біріктіріп, біртекті етуге шақырылған жеке саяси әсердің үстемдігінде болды. Дегенмен, ПодГале және басқада карпат өңірінің тарихы мен географиясы оларды бірегей жағдайдағы уақиға етеді.

Татрдың альптік тау жоталары Польшамен Словакия арасында табиғи шекараны қамтамасыз етеді; сондай-ақ олар өте күрделі қоныс аударулармен қоныстарды тудырды. Горали мәдени дәстүрінің ең тұрақты этнографиялық белгісі ол бұл тауларда оқшауландудың нәтижесі болып табылады. Осындай оқшаулану жолдары қоңырқай русиндер туралы әдебиетте көрініс табады. ПодГаледегі этнографиялық зерттеудің басынан бастап дерлік, Бескидтің төменгі жағдайы сияқты, оқшаулану ұғымына кереғарлық туғызатын, күрделі теория пайда болады.



Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Ағартушылық дәуіріндегі музыка

Халықтың шағын топтарының мәдени дәстүрлерін түсінуге ұмтылған сайын, жиі-жиі оқшаулану жағдайында емес, түсініктемелерді іздеуге тура келеді. Жақын арадағы шығыс еуропалық этникалық топтардың зерттеулері мәдени алмасуды ерекше атап көрсетеді. Мысалы, Карпаттықтар кейбір адамдардың оқшаулануын ұсынуы мүмкін, бірақ олар тұтастай Балкан мен Татрлар арасында адамдар мен мәдени тәжірибелерді жеткізуші әрекетінің көрсеткіші бола алады. Ауылшаруашылық мәдениетті және жан-жануарлар өсіру үшін салыстырмалы түрде топырағы жұтаң, жартасты ПодгАле атымен танымал және поляк Горали деп аталатын Татрдың солтүстік бөлігін мекендеген Еуропаның соңғы бөліктерінің бірі болатын. Татрдың жан-жағындағы Карпаттың оңтүстік бөлігі алғашқы мекенделген жерлер болған секілді. Он бірінші ғасырдан он төртінші ғасырға дейін Спиштиң жоғарысына алғаш рет Украиналық Карпаттың русиндері мекендеді. Русиндер оңтүстік-шығыс Татрларының Спиштегі алғашқы қоныс аударушылары болуы мүмкін. Солтүстіктен поляктар, қазіргі Румыниядан валлахтар және сакстар да сонда қоныс аударды. Қоңырқай русиндер емес, осы соңғы үш топ поляк Татрларының салқын солтүстік бөлігінде қоныстанып қалуы мүмкін, дегенмен Горали этникалық дискурстарында олар әлі де маңызды роль атқарады.

ЭТНИКАЛЫҚ ҚАТЫСТЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ДИСКУРСТАР

Енді Горалидің этникалық қатыстылығының үш түрлі дискурсына (болжамына) көшеміз: бірінші және ең көп тараған болжам «араластыру». Бұл болжам Карпат өңірлерімен мәдени байланыстарды айқын түсіндіреді, оңтүстікке қарай Балканға дейін созылып, поляктар, русиндер, валлахтар, венгерлер, немістер және словактар Подхалеге қоныс аударып ақыр соңында араласып, жеке этникалық топты құрағандығы туралы қорытынды жасады. Жартасты ПолгАленің екінші болжамы оны этникалық таза анклав деп санайды, бірақ әртүрлі этникалық топтардың Горалидің фольклорындағы мәдени әсерін жоққа шығармайды. Бұл көзқарасты қолдайтын оқымыстыларда Татрдың кең аймақтарында әртүрлі топтардың болуын жоққа шығармайды. Әңгіме Подхалеге қоныстанған және қазіргі уақытта ПодгАледе өздерін Горале деп атайтын адамдардың генетикалық мұрасы туралы болып жатыр. Бұл ПодгАлеге солтүстіктен келген славян поляктары қоныстанғаны жайды болжамды бекітеді.

Үшінші болжам ПодгАле Горалилер мен Карпат тауыларының төңірегіндегі әртүрлі қоғамдармен адамдардың мәдени байланысын дәйектейді және нәсілдің немесе генетикалық мұраның рөлін елемейді. Өңірдегі ғасырдың ортасындағы ең белсенді екінші дүние жүзілік соғыс алдындағы музыкатанушы Адольф Чибински болуы мүмкін. Оның жарияланымдарында бұл өңір валлахтар, русиндік темкостар, сакстар, словактар, венгерлер және сығандар арасында мәдени дәстүрлері мен музыкасы ортақ шекаралас өңір ретінде қарастырылған. Үшінші болжам алдыңғы екі болжамға қарағанда этносқа мәдени көзқараста, этностықты нәсілдік немесе генетикалық мұрадан айырады. Үшінші болжам бірегейлік тұрғысынан адамның мәдениетте ойлап табылған шығармаларының теориясы болып табылады. Этностар – бұл қарқынды дамыған әлеуметтік топтар мен шекараларды ұсынудың тәсілі, бір түрі. Осылайша, этникалық тиесілікті қарастыра отырып, Горалидің XIX ғасырдан бастап соғыс аралық кезеңге дейін қалай дамығандығын көрсеттік. Автордың сауалнамасына жауап бергендердің көбісі Горалиді Карпаттың шығысы мен оңтүстігінде әртүрлі топтармен байланысты екенін атап көрсетті, соның ішінде Горали этникалық топтарын құрудағы негізгі элемент болып табылатын русиндер де кіреді.

РУСИНДЕРДІҢ МУЗЫКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕРІ

Роберт Метиль Словакиядағы русиндермен жұмыс жасағанда үшінші болжамның этникалық сәйкестік көзқарасына сүйенеді, және русиндердің кейбір тарихшыларына қарсылық білдіреді. Метильдің пікірінше Словакиядағы русиндердің әндерінде шығыс рәсімдеріндегі христиандыққа қарағанда бірегейліктің асқан белгілері күштірек айқындалған. Словакияның әндерінің әсері, Метильдің пікірінше, словак қоғамындағы ассимиляцияға байланысты русиндік мәдениеттің құлдырауының белгісі болмауы керек, бірақ мәдени тәжірибелердің салыстырмалы өзгермелілігі (мәселе ән жайлы болып отыр) тұлғаны қалыптастыру үшін тамаша негіз болып табылады.

Метиль бір ғасыр бұрын таралған халық әніне түбегейлі әртүрлі көзқараспен қарайды. Халық әнін халықтың негізгі ақпараттарының қазынасы ретінде қараудың орнына, ол функционалды және пайдалануда икемді мәдени тәжірибе ретінде қабылданады.

Русин және Горале – салыстырмалы түрде шағын этникалық топтар, бірақ олардың тарихы Шығыс Еуропаның музыкалық даму жолының біз үшін көп нәрсені мәлім етеді. XXI ғасырға аяқ басқанда



Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Ағартушылық дәуіріндегі музыка

Горальдіктердің этникалық тиістілігі салыстырмалы түрде анықталғанымен ол әлі де тұрақты тұрғыда қайта түсініктеме енгізуді қажет етеді, ал русиндіктердің этносқа қатыстылығы тұрақты емес. Дегенмен, екі ғасыр бұрын Горалдың қиялындағы сәйкестікте ешқандай негіз болмады, және бұл Горалемнен байланысты музыкада екі ғасыр бойы көрініс тапты. Жүз жыл бұрын Горалилердің этникалық тобына кіру бірегей музыкалық бейнелеу деп мойындалды. Горале әдетте поляктың ұлттық жобасында жалпыға бірдей этностық топ болғанымен, бірақ тасада (шеткері) орналасты. 1990 жылдары Гораль Польша ұлттық мемлекетіне толықтай кірді, бірақ өзінің халық музыкасын сипаттайтын этникалық топ екенін сездірді. Алайда, бұл музыка бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, халықтық музыка аясындағы бір ғасыр бұрын тыйым салынған этникалық және көпұлтты танымал музыкалық шығармалармен еркін бірігу нәтижесінде, халықаралық және жаһандық аяда белсенді түрде қолданылды.

Жүз жыл бұрын русиндердің этникалық сәйкестігі өте тұрақты болуы мүмкін, бірақ ол бірнеше ондаған жылдар бойы Польшада, Словакияда және Украинада зорлықпен ассимиляцияға ұшыраған бытыраңқы трансұлттық бірегейлік болды. Горалилер керісінше, жаңа этникалық топ құру үшін мультимәдениетті дискурсты қолдана алды. Олар заманауи бірегейлікті қалыптастыру үшін әуелі трансұлттық сипат пен үлкен аймақтың көші-қон тарихы тарапынан ыдырап, бірегейлігі қалыптасқан соң біріктіріліп, әрқайсысынан ерекшеленіп, кодификацияланып, музыкалық тұрғыдан да тұжырымдалды. Өндердің жаңашалануына қарағанда русиндер жиырма бірінші ғасырда топтастырылуы мүмкін, өйткені олар жаңа ғасырда жаңарған өз этносына тиесілі жаңаша түсініктер жағыдайын кешуі заңды.

XXI ҒАСЫРДАҒЫ ШЫҒЫС ЕУРОПАДАҒЫ ХАЛЫҚ МУЗЫКА

Халық музыка ұғымы бірегейлік мәселесінен бастау алды. Дегенмен, осы мәселеге қатысты көзқарас өзгерді. Адам мәдениеттері мен қоғамдарының пайда болғаны туралы теорияның артында ашылымдар кезеңнің драматикалық дамуы (жинау және кодификациялау) түр, бұл жетістіктер өз кезегінде XIX және басым бөлікте XX ғасырлардағы этнографиялық жұмыстағы жаңа интерпретациялар дәуіріне итермеледі.

Жақында Шығыс Еуропа зерттеушілерінің алдына қойылған міндеттерден, ботаник секілді өсімдіктердің жаңа түрін іздеп, халық тұрмысын тауып және құжаттау ғана емес, негізінен адам өмірі мен адамның мінез-құлқын оның шығармашылығының мазмұнды көрінісін түсіндіру болды. Халық музыкасы адамның болмысы жайында емес, оның адами әлеуеттілігін жеткізуші құрал. Халық музыкасы әлі де ұлттық бірегейлікті анықтағысы келетіндерде қызығушылық тудырады, бірақ русиндер мен горалдықтар жағыдайындағыдай, ол трансұлттық бірегейліктің тәсілі болуы да әбден мүмкін. Бұл халық музыкасының адамның көрінісі ретінде қарастырылуын талап етеді, және бұл XXI ғасырда халық музыкасын зерттеушілер үшін алдыңғы қатарлы міндет.

Бұл мәселенің шешімі - жүз жыл бұрын фольклорист- жинаушының аяғы баспаған жерлерде халық музыкасын зерттеу керектігі, себебі, халық, танымал және көркем музыка арасындағы шекаралар бірте-бірте бұзылуда. Мағыналар тұрақты болса да «халық музыкасы» символдық мәнге ие қуатты идея болып қала бермек. Offfolk (халықтыққа жақын) музыка күтілген және күтпеген жерлерде байқалады, мысалы 2012 жылы Еврокөрсетілімде Ресейден қатысқан алты әже халықтық әдет-ғұрып әнін технобит стилінде және жарық шоу көмегімен орындады. Бұл қойылымда «фолк» деген не? Әншілер? Олардың ұлттық киімге еліктеген костюмдері? Поэзия? Әуен? Оның мәні бар ма? Жобамен үш минут аралығында алты әйел әлем аудиториясының алдында үлкен және алуан түрлі ұлт мәдениетін ұсынды. Олардың қойылымы мәтінін орыс дәстүріндегі әуенді естімеген, костюмдерін де белгілі бір өңірдікі екенін көрмеген (Орталық Ресейдегі Удмурт Республикасының Малопургин ауданы, Бураново ауылы) көпшілік көрермен алдында «халықтық» болып қабылданды. Бірақ, жүз жылдық ауылдық отырыстарда тыңдағанша, бір түнде халық музыкасының тұсаукесерін көп адамдар тыңдады. Тағы да туындайтын сұрақ, мұның мән-мағынасы бар ма?

Әрине, мұның мәнісі, өткен ғасырдың (бірақ бұл міндетті түрде қайшылық туғызбауы да мүмкін) музыкалық фольклористерін ынталандырған себептерден тыс жатыр. Бізге әлемдік деңгейдегі offfolk музыканың түпнұсқалығы жайында алаңдаудың қажеті жоқ, және шоуы көрген әрбір адамның оны белгілі бір ұлттың, өңірдің және ауылдың дәстүрі ретінде қабылдауы да маңызды емес, дегенмен бұндай білім біздің мәртебемізді көтеріп және кез-келген нақты орындауды түсіндіруі мүмкін. Буранованың алты әжесі жаңа медиа мәдениетінде синтез жасады, әлемге өздерінің адам, халық және олардың әндері бар екенін еске сала, өз дәстүрін әлемдік деңгейде көрсетті. Іздестіру жұмыстары музыкалық бірегейлік бөлігі ретінде жүз жылдан бері осы күнге дейін өз жалғасын табууда. Қазір Шығыс Еуропадағы халық музыкасы



Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Ағартушылық дәуіріндегі музыка

– бұл әлемнің музыкасы.

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар:

1. Александра Т. (1980) «Румын халық музыкасы», аудармасы Константин Олені-Боостікі, Бухарест: Музыкалық баспа
2. Андерсон Б. (2006) «Елес қоғамдастық: ұлтшылдықтың пайда болуы мен таралуы», ред. Эдн, Лондон
3. Болман, Ф. В. (1988) «Қазіргі кездегі әлемде халық музыкасын зерттеу», Блумингтон, (2002) «Тарих соңындағы әлем музыкасы», Ethnomusicology
4. Brailoiu C. (1984) «Музыкалық фольклор әдісін баяндау»
5. Brown J. (2000) «Барток, сығандар мен музыкадағы гибрид»
6. Cooley T. (2005) « поляктық Татрларда музыка шығару: туристер, этнографтар және тау музыканттары», (2006) « Поляктық Татрларда фольклорлық фестиваль заманауи рәсім ретінде»
7. Schirmer, Czekanowska A. (1990) «Поляк халық музыкасы: Славян мұрасы, поляк дәстүрі, заманауи тенденциялар», Кембридж университетінің баспасы
8. Гельбарт М. (2009) «Табиғат тілі»: Музыка фольклористика әдістемесі үшін тарихи тигель», Этномузыкалогия
9. Геллнер Э. (1998) «Тіл мен жалғыздық: Витгенштейн, Малиновский мен Габсбургтер дилеммасы», Кембридж университетінің баспасы,
10. Гутт-Мостови J. (1998) «Подхале: Поляк таулы қыраты бойынша анықтамалық», Нью-Йорк: Гиппокрена кәсітаптары
11. Хобсбаум Э. и Т. Рейнджер (1983) «Дәстүрді ойлап табу», Кембридж университетінің баспасы